



**«Бекітемін»
Колледж директоры**

Клышбаева З.А.

2022 ж

Қоғамдық тамақтандыру және сервис колледжінің «АДАЛ ҰРПАҚ» еріктілер клубының ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы Ережелер

1. Қоғамдық тамақтандыру және сервис колледжінің «АДАЛ ҰРПАҚ» еріктілер клубының ЕРЕЖЕСІ (әрі қарай-ереже) оқу орнының қауымдастығында жемқорлыққа қарсы тұру мәдениетін, рухани-адамгершілік және азаматтық – патриоттық тәрбиені қалыптастыру бағдарламасы (бұдан әрі Бағдарлама) болып табылады. Ол білім мекемесінде берілетін тәрбиенің Концептуалдық негіздеріне, жемқорлыққа қарсы тұру мәдениетіне, рухани-адамгершілік және азаматтық –патриоттық тәрбиеге негізделе отырып әзірленіп Қоғамдық тамақтандыру және сервис колледжінің студенттері үшін жемқорлыққа қарсы бағыттағы іс шараларын қамтыған тәрбие жұмысын жүргізу ретін анықтайды.

2.Тәрбие жұмысының мақсаты мен міндеттері

2.1.Бағдарламаның мақсаты жоғары адамгершілікті, жауапты, талапты және әлеуметті білікті азамат пен патриот қалыптастырып дамыту.

2.2. Нұсқалған мақсаттарға жету үшін келесі міндеттер қойылады:

1) рухани-игіліктілік пен азаматтық- патриоттықты тәрбиелеуге бағытталған шараларды іске асыру;

2) білім алушылардың мемлекеттік - үкімет институттарына сенімін арттыру;

3) білім алушылардың саяси-құқықтық білімін қалыптастыру;

4) білім алушылардың жемқорлыққа қарсы сипатты игілікті-әдептік құндылықтарын қалыптастыру.

2.3.Кешенді іс-шараларды өткізу үшін келесі тәрбие түрлері пайдаланылады:

1) адамгершілік тәрбиесі моральдық-әдептілікті, әр оқушының жемқорлыққа шыдамсыздығын қалыптастыруға бағытталған;

2) әлеуметтік-құқықтық тәрбие арқылы азамат пен мемлекет арасындағы қарым-қатынастың мәні туралы түсінік алуға, құқықтары мен міндеттеріне, құқықтық нормаларды сақтау қажеттігіне көз жеткізуге, жемқорлықтың қоғам үшін қауіптілігін түсінуіне бағытталған;

3) эстетикалық тәрбие колледж студенттерінің эстетикалық ұстанымы мен қоршаған болмысқа тілектестік және отан сүйгіштік қатынас қалыптастыруға жағдай жасайтын өнер туындыларының, әдебиеттің көркемдігін түсінуге бағыттау.

3.Тәрбие жұмысын ұйымдастыру

3.1.. Тәрбиелік жұмыстар Қоғамдық тамақтандыру және сервис колледжінің қауымдастығында ұйымдастырылады.

3.2.Тәрбие жұмысын басқару және ұйымдастыру директордың тәрбие жұмыстары бойынша орынбасары Н.Н.Ақдаулетовке, тәрбие бөлімінің меңгерушісі Қ.Н.Ембергеновке, педагог-ұйымдастырушы Ғ.Манайға жүктеледі

3.3.Колледж қауымдастығы арасында жемқорлыққа қарсы мәдениетті, колледж студенттерінің заң талаптарын сақтауға деген ынтасын қалыптастыруға, білім мен мәдениет деңгейлерін арттыруға бағытталған шаралар кешені өткізіледі.

3.4.Колледжде құрылған ерікті «Адал Ұрпақ» студенттер клубы тәрбие жұмысын ұйымдастыруға қатысып қолдау жасайды.

3.5. Тәрбие жұмысының ұйымдастырушылық негізі:

- 1) оқу жылына арналған оқу орнының тәрбие жұмысының кешенді жоспары;
- 2) оқу топтарының тәрбие жұмыс жоспары;
- 3) Ерікті«Адал Ұрпақ» студенттер клубының жұмыс жоспары.

3.6. Жоспарда тәрбие жұмысының негізгі бағыттары, жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға, қоғамдық ұйымдармен, жемқорлыққа қарсы әрекет жасауға өкілетті органдарымен және басқа мемлекеттік органдармен өзара әрекеттерге бағытталған күнтізбелік іс шаралардың өткізілуі беріледі.

3.7. Тәрбие жұмысын жүргізуге азаматтар және қамқорлық кеңестері, ата-аналар комитеті, қоғамдық бірлестіктер, жемқорлыққа қарсы тұруға өкілетті және басқа мемлекеттік органдар қатыса алады.

4. «Адал Ұрпақ» студенттердің ерікті клубы

4.1. «Адал Ұрпақ» студенттердің ерікті клубының негізгі міндеттері болып колледж қауымдастығында жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыру, жемқорлыққа төзбеушілікті нығайтуға ынталыларды мадақтау, жемқорлыққа қарсы сипатты шараларға қатысу.

4.2. «Адал Ұрпақ» студенттердің ерікті клубы келесі сипатты секциялардан тұрады: 1.Жемқорлыққа қарсы білімдер; 2.Жемқорлыққа қарсы ақпарат пен шығармашылық; 3.Жаппай мәдениеттік шаралар.

4.3.Жемқорлыққа қарсы білімдер секциясы лекциялар, «дөңгелек үстелдер және басқа ағарту шараларын ұйымдастыруға қатысады .

4.4.Жемқорлыққа қарсы ақпарат пен шығармашылық секциясы үздік бейнероликтер, суреттер, шығармалар сайыстары мен шараларды ұйымдастыруға қатысады.

4.5.Жаппай мәдениеттік шаралар секциясы науқандар, флэш-мобтар, диалогтік алаңдар, қоғамдық, ардагерлер ұйымдары, мемлекеттік органдар мен ұйымдардың өкілдерімен кездесулер және басқа әлеуметтік-мәнді шаралар ұйымдастыруға қатысады.